Балалардың үйге қайтуы	<p>Ата-аналарға балабақша төлем ақысын уақытында төлеулерін ескерту.</p> <p>Ата-аналарға балабақшаға бет перде тағып келулерін ескерту.</p> <p>Балабақшаға кешікпей уақытында келулерін ескерту.</p> <p>Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу.</p> <p>Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.</p>				

Тексерілді
 №5 «Аққу» б/б әдіскер
 Г.К.Сұлтанғалиева *Г.К.Сұлтанғалиева*

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (04-08) Қазан 2021 ж.)
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырып «Менің отбасым»
I-апта

Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.
 Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.10.21	Сейсенбі 05.10.21	Сәрсенбі 06.10.21	Бейсенбі 07.10.21	Жұма 08.10.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақшадан туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым».	Орнымыздан тұрайық, Біздер жолға шығайық. Ұзын-қысқа жолдарды Біліп біздер алайық. Оң жақта да, сол жақта да, Биік үйлер бар екен.	Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам ғой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.	Санамақ Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрің жақсы көремін Еркелеп, жүремін!	«Кел, санайық санамақ» саусақ ойыны.
Таңертеңгілік жаттығу.	№ I-ші таңертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	ҰОҚ – не дайындық.	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаштар қайталау.	Қимылдық ойын: «Автомобиль мен торғайлар»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Біз дене шынықтыруды жақсы көреміз». Отбасы мүшелерін санай отырып, саптізбекте саналуға үйрету. Тура бағытта төрттағандап еңбектеуді үйрету.Қос аяқпен секіру.аяқ бірге аяқ алшақ үйрету. Саптізбекке бір- бірден тұру; секіру Аяқ бірге- аяқ алшақ қимылдарын бекіту. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру. Музыка. Тақырыбы: «Менің туыстарым» Ата-анасын сыйлай,қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету.Музыканы тыңдауды ,еске түсіру . Қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Жаттығамыз - шынығамыз». Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру. <u>Сөйлеуді дамыту.</u> Тақырыбы: «Өзіңнің отбасың туралы әңгімеле» (З\Б.73бет). (Өз тәжіриб\н әңгім\у). Мақсаты: Өз отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету,сұрақтарға жауап бергізу:«Сенің отбасыңда кімдер бар?», «Сен кіммен тұрасың?», «Саған анаң қандай заттар алып береді?», «Сен анаңа қалай көмектесесің?» т.б. Тілде сын есімдерді(мейірімді,тату),ет істіктерді(қамқорлық жасайды, көмектесемін) (г-ғ)(пб) дыбыстарының айтылуын бекіту.</p>	<p><u>Жаратылыстану.</u> Тақырыбы: «Менің отбасым».(З\Б.223 бет) Мақсаты: Балаларға ата-аналары , туыстары жайында сурет көрсетіп әңгімелеу арқылы «Мен-отбасы мүшесімін » ұғымын тереңдетіп,ата-анасының қайда, не істейтінін мамандығы, олардың еңбегінің маңызы, оған өзінің қатысы ,ересектердің әрекеттері(анам тамақ пісіреді,атам газет оқиды)жөнінде айтып беруге үйрету. Үлкендерге құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын қадірлеуге тәрбиелеу. <u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Түрлі-түсті орамалдар». Мақсаты: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Тәні саудың - жаны сау». Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру Музыка. Тақырыбы: «Менің туыстарым» Қайталау оқу қызметі. Ата-анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. Музыканы тыңдауды,еске түсіру. Қабілеттерін дамыту,ояту,ырғақты сезіну.</p>	<p>Орыс тілі. Тема:«Моя семья» Цель: Ввести в словарь детей слова, обозначающие членов семьи и их основные характеристики (добрая, ласковая, строгий, веселый). Учить рассказывать о своей семье простыми предложениями. Математика негіздері. Тақырыбы: «Шеңбер. Үлкен-кіші» Мақсаты: Жаңа геометриялық пішінмен – шеңбермен таныстыру. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер;шеңбердің түрлі көлемде</p>
---	---	---	--	--	---

		Отбасы мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу. Құрастыру. Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай үйлер». (Конструктор бөліктерінен құрастыру) Мақсаты: Балаларды конструктормен, оның жекелеген бөліктерімен таныстыруды жалғастыра отырып, үйлердің бұрыштары мен табандарын нық түйістіріп, үлкен және кішкентай қылып үй құрастыруға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.		(үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шеңберді көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шеңберді берілген нүктелері бойынша бастырып жүргізу; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту; жаңа геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтары н ояту.
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: Балаларға аула сыпырушының еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендердің еңбегін бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу. Еңбек: Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын тазартуға көмектесу. Қимылдық ойын: «Көлеңке»	Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Өз үйіңді тап» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.	Күзгі табиғатты бақылау. Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігін бағалау, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріңдер» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жататту. Ұшты талдан жапырақ,	Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Аспанды бұлт басады, күн көрінбейді жаңбыр сіркірейді. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшты әуелеп.	Желді бақылау. Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстары желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын ажырата білуге үйрету. Жел соғады, ағаштар тербеледі. Жаз мезгілінде жел жылы болады, ал күзде салқын болатынын түсіндіру.

	Жеке жұмыс: Көркем сөз. Қолына киіп қолғапты, Ауланы апай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еркін ойын.	Еркін ойын.	Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секілді. Еркін ойын.	Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Еркін ойын.	Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкене ағаштар, Үлкен болып өседі. Еркін ойын.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге үйрету, үстелде дұрыс отыруға дағдыландыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу № 3 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 4 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 5 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 6 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 7 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішкенде тамақты төкпей-шашпай жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Кім жоқ?» «Менің отбасым» сурет бойынша әңгімелесу. Балаларға күз мезгіліне тақпақтар жататту.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Бауырсақ» ертегісін оқып беру. Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі-қу) сипаттама бере білуге үйрету. Балаларға суреттер бояту.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Отбасы» Ұ.Есдәулеттің «Менің атам» өлеңін жататту. Еркін ойын.	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Балаларға санамақтар жаттату. Еркін ойын.	Сюжеттік рөлдік ойын «Аспазшы» Балаларға күз мерекесіне өлеңдер жататту. Еркін ойын жататту.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Насифа мен Сұлтанға «Күз» өлеңін жататту.	Өзі, отбасымүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап Беруге үйрету. (Әдемі, Насифа)	Аңсар мен Әдеміге күз мезгілі туралы такпақтар қайталату.	Дидактикалық ойын: «Көп-аз» (Мақсат, Айкөркем)	Насифа мен Айкөркемге қағазбетін бағдарлай білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Балаларға үлкендердің еңбегін бағалап, көмектесу керек екенін туралы әңгімелеу. Қимылдық ойын: «Жел көбік»	Балалардан күзде жапырақтардың қандай түске енгенін сұрау. Қимылдық ойын: «Қасқыр мен лақтар»	Күз мезгілінің ерекшеліктерін ататту. Қимылдық ойын: «Түлкі мен көжектер»	Күнді бұлт басқанда жаңбыр жауатынын әңгімелеу. Қимылдық ойын: «Ұшақтар»	Зырылдауықтың көмегімен балалардан жел қай жақтан соғып тұрғаны туралы әңгімелесу. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту, Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Балалардың балабақшаға киетін киімдері ыңғайлы болуын қадағалау. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.Қ.Сұлтанғалиева

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (11-15) Қазан 2021 ж.)
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырын: «Менің отбасым»
Тақырын «Менің қалам»
II-апта

Мақсаты: Балаларға өздері тұратын қала туралы мәліметтер беру. Тұған қалаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.10.21	Сейсенбі 12.10.21	Сәрсенбі 13.10.21	Бейсенбі 14.10.21	Жұма 15.10.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақшатұралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Фотосуреттер қарастыру «Менің қалам».	Орнымыздан тұрайық, Біздер жолға шығайық. Ұзын-қысқа жолдарды Біліп біздер алайық. Оң жақта да, сол жақта да, Білік үйлер бар екен.	Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем гой! Мына саусақ-атам гой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.	Санамақ Атамнан басталар. Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәріп жақсы көремін Еркелеп, жүремін!	«Кел, санайық санамақ» саусақ ойыны.
Таңертеңгілік жаттығу.	№ I-ші таңертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Астарын дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	ҰОҚ – не дайындық.	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаштар қайталау.	Қимылдық ойын: «Автомобиль мен торғайлар»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Алаңқайда ойнаймыз». Допты домалату кезінде . Бір- біріне допты домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту.</p> <p>Музыка. Тақырыбы: «Қалаға саяхат» Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту.</p> <p>Жаратылыстану. Тақырыбы: «Көліктер». Мақсаты: Балаларды арнайы қызмет көлік түрлерімен және олардың атқаратын жұмыс түрлерімен таныстыру. Әр көліктің пайдасын айта отырып, қарапайым жол ережелерін пысықтап өту, ой-өрістерін кеңейту,</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Отбасымен таңертеңгі жаттығуды біз жасаймыз». Отбасы мүшелерін санай отырып, саптізбекте санауға үйрету. Бір біріне допты домалату; тура бағытта төрттағандап еңбектеуді үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін; қимыл үйлесімділігін дамыту. Тура жолмен жүру және жүгіру. Шектелген алаң бойы жүруде тепе теңдік сақтау қалпын бекіту. Төрттағандап еңбектеу кезінде, еңбектеуде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуді, ұсақ сезім мүшелерін дамыту. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен көшеде келемін» (Шығармашылық тілді дамыту) Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелеу және әңгіме құрастыра</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу.</u> Тақырыбы: «Бағдаршам сабақтары». (З\Б.бағд. 13саб.125 бе). Мақсаты: Балаларды жол, жүргіншілер жолы, тротуар, бағдаршам белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Жолда сақ болуға үйрету. <u>Жапсыру.</u> Тақырыбы: «Көлік». Мақсаты: Бөлшектерді жапсырып, бірыңғай бейнені құрып, ойыншықтарды бейнелеуге үйрету. Мұқият жапсыруға және басып сұрту үшін майлықты қолдануға үйретуді жалғастыру.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қуыршақ бізде қонақта». Тепе-теңдікті сақтап жүгіруге үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту; түрлі тәсілдермен жүгіруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Математика негіздері. Тақырыбы: «Кеш. Біреу –көп» Мақсаты: Тәулік бөлігі – «кеш» ұғымымен таныстыру; заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру. Таңертең, күндіз, кеш тәулік бөліктерін атау және ажырата білулерін қалыптастыру; бір және көп бірдей заттарды табу білігін дамыту; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу.</p>	<p><u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: «Көрші атам». М.Жаманбалинов. («Шикула» 65 бет). Мақсаты: Үзіндіні жатқа айтуға дағдыландыру. Шығарманың мағанасын түсіндіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Кішіпейілділікке, елгезектікке тәрбиелеу. <u>Сурет.</u> Тақырыбы: «Түзу жолда мен жүремін тура».(3+).№2саб. Мақсаты: Балалардың сурет салуға қызығушылықтарын арттыра отырып, жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетін дұрыс бағдарлай білуге жаттықтыру. Көшеде сақ болып, тәртіпті бола білуге тәрбиелеу.</p>
---	--	---	---	--	--

	еңбекқорлыққа, тәртіпті болып, үлкендерді тындауға тәрбиелеу.	білуге баулу, көшеде өзін ұстай білуге тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>Күзгі табиғатты бақылау. Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігін бағалау. қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріңдер» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жататту. Ұшты талдан жапырақ, Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секілді. Еркін ойын.</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Ұядағы құстар» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еркін ойын.</p>	<p>Аспанды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың басқа құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Аспанға қарап, ауа-райын болжай алуға үйрету. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Көжектер мен түлкі» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау. Айнала тұнжұрап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Еркін ойын.</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Аспанды бұлт басады, күн көрінбейді. Жаңбыр сіркіреді. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшты әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Еркін ойын.</p>	<p>Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: құралдарын атап, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Еңбек: аула тазалығына үлес қосу, үлкендерге көмектесуге деген ұмтылыстарын қолдау. Қимылдық ойын: «Мені қуып жетіндер» белгілі бір бағытқа, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге үйрету. Жеке жұмыс: «Сызықпен жүр» тізбектеле, сызықтан шықпай жүруге жаттықтыру. Еркін ойын.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге үйрету, үстелде дұрыс отыруға дағдыландыру.				

Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу № 8 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 9 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 10 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 11 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 12 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішкенде тамақты төкпей-шашпай жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Не жоқ?» Балаларға санамақтар жататту.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Бауырсақ» ертегісінің мультфильмін қарау. Мақсаты: Ертегіні көрсету арқылы балалардың қызығушылығын ояту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларға күз мерекесіне тақпақтар жататту.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Аспазшы» Ә.Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңін жататту. Балаларға суреттер бояту. Еркін ойын.	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» «Менің қалам» сурет бойынша әңгімелесу. Балаларға күз мерекесіне өлеңдер жататту. Еркін ойын.	Сюжеттік рөлдік ойын «Дәрігер» Балаларға жаңылтпаштар жаттату. Еркін ойын.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Насифа мен Сұлтанға «Күз» өлеңін жататту.	Дидактикалық ойын: «Түстерін ата» (Әдемі, Мақсат)	Аңсар мен Әдемігекүз мезгілі туралы тақпақтар қайталату.	Дидактикалық ойын: «Біреу-көп» (Айкөркем, Насифа)	Айкөркемге түстерді қайталату.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
Серуен	Балаларды күзгі табиғаттың ерекшеліктерін ататту. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқандар»	Күзгі жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр»	Аспанға қарап, ауа-райын болжай алуға үйрету. Қимылдық ойын: «Ұшақтар»	Аспанды бұлт басады, күн көрінбейді. Жаңбыр сіркіреді. Қимылдық ойын: «Ұядағы құстар»	Аула сыпырушының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Жел көбік»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту. Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Балабақшаға бет перде киіп келулерін ескерту. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.Қ.Сұлтанғалиева

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (18-22) Қазан 2021 ж.
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырып «Бірге еңбектенеміз» (аула сынырушы, дәрігер, сатушы, жүргізуші)
III-апта

Мақсаты: Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, олардың маңыздылығы туралы әңгімелеу. Үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.21	Сейсенбі 19.10.21	Сәрсенбі 20.10.21	Бейсенбі 21.10.21	Жұма 22.10.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Фотосуреттер қарастыру «Мамандықтарды ата». Фотосуретте бейнеленген мамандықтарды атау.	Атамның алып күрегін, Ауланың қарын күредім. Әжеме мен құдықтан, Су әкеліп беремін. Еденді де жуамын, Шаң-тозаңды қуамын!	Санамақ Мына саусак-анашым! Мына саусак-әкешім! Мына саусак-әжем гой! Мына саусак-атам гой. Мына саусак-мен өзім! Осы менің отбасым.	Санамақ Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен амам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеп, жүремін!	Жанбыр көп жауады, Шолып едім бақшаны, Көкөніс біткен көңілді. Жасыл, сары, қызыл, көк Сан алуан көкөніс.
Таңертеңгілік жаттығу.	№ II-ші таңертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	ҰОҚ – не дайындық.	Қимылдық ойын: «Жасыл қияр»	Жаңылтпаңтар қайталау.	Қимылдық ойын: «Қияр мен тышқандар»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Мен спортсменмін». Нұқсаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру. Музыка. Тақырыбы: «Тәрбиеші апайым» Балабақшадағы ересетердің еңбектерімен таныстыра отырып тәрбиеші, күтуші маманы туралы әңгімелер айту. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Аяқты нық басайық, жаттығуды жасайық». Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге жаттықтыру; негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты ептілікті дамыту. <u>Сөйлеуді дамыту.</u> Тақырыбы: «Жұмыстың бәрі жақсы» М.Әлімбаев (өлең). (к\әд.3+.№2 сабақ) Мақсаты: Өлеңді оқып, талдау барысында балаларды мамандық атауларымен, олар атқаратын қызмет түрлерімен таныстыру арқылы мамандықтар және олардың түрлері жайлы білімдерін кеңейту. Еңбек адамдарының еңбегін бағалай білуге, құрметпен қарауға тәрбиелеу. <u>Құрастыру.</u> Тақырыбы: «Үлкен және кіші қақпалар». Мақсаты:</p>	<p><u>Жаратылыстану.</u> Тақырыбы: «Отбасында бәрі де еңбек етеді».(3Б.бағд.225 бет. 7 саб.) Мақсаты: Балаға жақын адамдардың еңбек әрекеттері туралы түсініктерін байыту (әже ас дайындайды, ана ыдыс жуады, әпке сабақ оқиды, әке есік жөндейді т.с.с.). Ересектердің еңбегіне қызығушылықтарын арттыра отырып, үлкендермен бірлесе еңбек етуге тарту. Туған үйін, отбасын қадір тұтуға, оларға әрқашан көмекке дайын тұруға тәрбиелеу. <u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Алжапқышты әшекейлеу». Мақсаты: Балалардың алжапқыш туралы білімдерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою –</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Біз шыныққан баламыз» Балаларға спорттық ойындар туралы түсініктерін қалыптастыру. Тепе-теңдікті сақтап жүгіруге үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Музыка Тақырыбы: «Тәрбиеші апайым» Қайталау оқу қызметі. Балабақшадағы ересетердің еңбектерімен таныстыра отырып тәрбиеші, күтуші маманы туралы әңгімелер айту. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.</p>	<p>Орыс тілі. Тема: «Вместе мы работаем» Цель: Продолжать обогащать словарь детей - формировать представление детей о труде людей. Учить правильно называть на русском языке: дворник, врач, продавец, водитель. Уточнить знания предметах и орудиях труда необходимых для их работы, отвечать на вопросы полным предложением, согласовывать существительные с прилагательными в роде и числе. Математика негіздері. Тақырыбы: «Түн. Шеңбер» Мақсаты: Тәулік бөлігі – «түн» ұғымымен таныстыру; түсі мен көлеміне байланыссыз шеңберді ажырата және атай алу білігін бекіту. Тәулік бөліктерін, ажырата және айта білуді бекіту; топ бөлмесінен шеңбер</p>
---	--	--	---	---	--

		Құрылыс заттарын дұрыс пайдалана отырып, бір бөлшекті екіншісімен алмастыру арқылы немесе биіктету арқылы құрлысты өзгертуді үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу; ұжыммен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.	өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру. Алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамдарын дамыту.		пішіндес заттарды көзімен іздеп таба алу білігін дамыту; шенбер пішінді заттардың суретін сала алу білігін дамыту; мұқияттылық пен алғырлыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: құралдарын атап, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Еңбек: аула тазалығына үлес қосу, үлкендерге көмектесуге деген ұмтылыстарын қолдау. Қимылды ойын: «Мені қуып жетіндер» белгілі бір бағытқа, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге үйрету. Жеке жұмыс: «Сызықпен жүр» тізбектеле, сызықтан шықпай жүруге жаттықтыру. Еркін ойын.</p>	<p>Күнді бақылау. Мақсаты: Күзде күн суытатынын, жазда күн ыссы болатынын түсіндіру. Еңбек: Жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен түн» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату Салем саған алтын күн, Салем саған көк аспан, Сәлем деймін досыма, Келші менің қасыма Еркін ойын.</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Өз үйінді тап» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еркін ойын.</p>	<p>Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға күз кезінде салқын болатынын, жиі жаңбыр жауатынын атап өту. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Шар үрлеу» Жеке жұмыс: Санамақ. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам. Орған терек - ағам, Шылдыр шүмек – сен, Кішкене бөбек – мен. Еркін ойын.</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Аспанды бұлт басады, күн көрінбейді. Жаңбыр сіркірейді. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшты әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Еркін ойын.</p>

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге үйрету.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқышаржаттығу №13 картотека	Ұйқышаржаттығу № 14 картотека	Ұйқышаржаттығу № 15 картотека	Ұйқышаржаттығу № 16 картотека	Ұйқышаржаттығу № 17 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішкенде тамақты төкпей-шашпай жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?» «Күз мезгілі» суреттер бойынша әңгімелесу. Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңін жататту. Еркін ойын.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін бояу. Мақсаты: Ертегіні естеріне түсіру арқылы ертегі кейіпкерлерін бояу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту Балаларға күз мерекесіне би үйрету.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз» Балаларға «Көкөністер достығы» ертегісін әңгімелеу. Балаларға күз мезгіліне тақпақтар жататту.	Дидактикалық ойын: «Мамандықты ата» Балаларға санамақтар жататту. Балаларға суреттер бояту. Еркін ойын.	Сюжеттік рөлдік ойын «Дәрігер» Балаларға Ғ.Өкеевтің «Көкөністер» өлеңін жататту. жаттату. Еркін ойын.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Аңсар мен Насифаға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ата» (Әдемі, Сұлтан)	Әдемі мен Сұлтанға «Күз» өлеңін жататту.	Насифа мен Аңсарға түстерді қайталату.	Насифа мен Сұлтанға суреттер бояту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Ауласыпырушының құралдарын ататту. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқандар»	Бүгін күннің қандай болғанның сұрау? Қимылдық ойын: «Шар үрлеу»	Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеу. Қимылдық ойын: «Көлеңке»	Күз мезгілінің ерекшеліктерін ататту. Қимылдық ойын: «Қасқыр мен лақтар»	Күз келгенде құстар жылы жаққа ұшуға дайындалатынын түсіндіру Қимылдық ойын: «Ұядағы құстар»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Дене формаларын ұмытпай әкелулерін ескерту. Ата-аналарға балалардың тазалығына көңіл бөлулерін өтіну. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.Қ.Сұлтанғалиева 

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (25-29) Қазан 2021 ж.)
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырып «Сәлем, алтын күз»
IV-апта

Мақсаты: Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейту. Күз мезгілінің ерекшелігін, күзгі еңбек туралы білімдерін бекіту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.10.21	Сейсенбі 26.10.21	Сәрсенбі 27.10.21	Бейсенбі 28.10.21	Жұма 29.10.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Тәрбиеші балалармен сәлемдеседі, балалардың балабақшаға деген қызығушылықтарын ояту. Топ балаларын бір-біремен дос бола білуге, үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Фотосуреттер қарастыру «Күз мезгілі».	Санамақ Мына саусак-анашым! Мына саусак-әкешім! Мына саусак-әжем ғой! Мына саусак-атам ғой. Мына саусак-мен өзім! Осы менің отбасым.	Күзім-ау, күзім-ау, Мінезін бұзық-ау. Сіркіреп жаңбырың, Келгенін қызық-ау.	Санамақ Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрің жақсы көремін Еркелеп, жүремін!	«Кел, санайық санамақ» саусак ойыны.
Таңертеңгілік жаттығу.	№ II-ші таңертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	Ұ.О.Қ – не дайындық.	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаштар қайталау.	Қимылдық ойын: «Аюлар мен аралар»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Әжемнің бақшасына». Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін молайту. Еңбектеу тепе-теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағына айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін дамыту. Музыка. Тақырыбы: «Күзгі орман» Музыканы тыңдап әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға. Әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету, ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Жаратылыстану. Тақырыбы: Д\о: «Бақта ма, әлде бақшада ма?». (З\Б.77бет). Мақсаты: Балаларды күз белгілерімен таныстыруды жалғастыра</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Күз не сыйлады?» Саяхат арқылы табиғат әлемінің байлығын меңгерту. Допты қақпа арқылы домалатуды үйрету. Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге; тепе-теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым-қатынастарын кеңейту. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Д.о «Ғажайып қалта». (көкөн\р мен жеміс\р) (З\Б.№1 саб.77бет.) Мақсаты: Ойын арқылы көкөністер мен жемістерді ажырата білуін жетілдіру. Сөйлеуде дыбыстар</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу.</u> Тақырыбы: «Шақырамыз күзді шын ниетпен ізгі» Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат ерекшелігі мен таныстыруы жалғастыру. Жанды, жансыз табиғаттағы Маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету. Заттардың белгісі мен қасиеттерін анықтату. Зейінділікке тәрбиелеу. <u>Мүсіндеу</u> Тақырыбы: «Үлкен кіші сәбіздер». Мақсаты: Балалардың көкөністер туралы білімдерін пысықтай отырып, есу әдісі арқылы үлкен және кіші сәбіздерді мүсіндеуді үйрету, түспен пішінді бекіту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қуыршақ бізде қонақта». Тепе-теңдікті сақтап жүгіруге үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту; түрлі тәсілдермен жүгіруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Математика негіздері. Тақырыбы: «Оң жақ- сол жақ». Мақсаты: Кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында), сөйлегенде осы терминдерді дұрыс қолдануға баулу. Өзінің маңындағы кеңістік бағыттарын ажырата білу; жұмбақтарды шешуге, жұмбақ негізіне алынған өлеңдегі салыстыра бейнелеуді түсінуге үйрету; оң қолы мен сол қолын ажырата алу білігін дамыту; логикалық ойлауын дамыту; педагогтің нұсқауларын</p>	<p><u>Көркем әдебиет.</u> Тақырыбы: «Күз». І. Жансүгіров. (өлең) (Б\байғ. 161 бет.) Мақсаты: Күз туралы білімін тиянақтау. Күз айындағы адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу: ырыс, береке, молшылық сөздерінің мағанасын түсіндіру, сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. (З+; №1 сабақ). <u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Алтын күз». Мақсаты: Балаларды күз белгілерін қылқаламды сары және қызыл түске малып, қағазға бастыру арқылы бейнелей білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	--	---

	отырып, табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту. Көкөністер мен жемістердің белгісі мен қасиеттерін анықтай білуге, олардың сапасы мен құрамын білдіретін сөздерді дұрыс қолдана білуді бекіту; табиғатты сүйуге тәрбиелеу.	мен сөздерді анық айтуға, ұзақ дем шығаруға жаттықтыру; Сөйлеу қарқынын өзгертіп, ақырын сөйлеуге үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту,		орындау білігіне тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>Күзгі табиғатты бақылау. Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігін бағалау. қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жататту. Ұшты талдан жапырақ, Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секілді. Еркін ойын.</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Өз үйінді тап» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еркін ойын.</p>	<p>Аспанды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың басқа құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Аспанға қарап, ауа-райын болжай алуға үйрету. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау. Айнала тұнжұрап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Еркін ойын.</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Аспанды бұлт басады, күн көрінбейді. жаңбыр сіркіреді. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшты әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Еркін ойын.</p>	<p>Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға күз кезінде салқын болатынын, жиі жаңбыр жауатынын атап өту. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Жел көбік» Жеке жұмыс: Санамақ. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам. Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – сен, Кішкене бөбек – мен. Еркін ойын.</p>

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге үйрету, үстелде дұрыс отыруға дағдыландыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу № 18 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 19 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 20 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 21 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 1 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішіп болған соң майлықты пайдалануларын дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?» Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңін жататту. Еркін ойын.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Бауырсақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Мақсаты: Ертегіні естеріне түсіру, тіл байлықтарын молайту. Ертегінің мазмұнын дауыс ырғағымен келтіре айтуға жаттықтыру. Балаларға күз мерекесіне би үйрету.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз» «Күз мезгілі» суреттер бойынша әңгімелесу. Балаларға күз мезгіліне тақпақтар жататту.	Дидактикалық ойын: «Көкөністер мен жемістерді ажырат» Балаларға Ғ.Өкеевтің «Көкөністер» өлеңін жататту. Еркін ойын.	Сюжеттік рөлдік ойын «Дәрігер» Балаларға санамақтар жататту. Балаларға суреттер бояту. Еркін ойын.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Насифа мен Кенесарыға «Күз» өлеңін жататту.	Дидактикалық ойын: «Көкөністерді ата»	Әдемі мен күз мезгілі туралы тақпақтар қайталату.	Зейін мен Насифаға суреттерді бояту.	Қайсар мен Аяулымға түстерді қайталату.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Балаларға күз мезгілінде ауа-райының құбылмалы екенін түсіндіру. Қимылдық ойын: «Қасқыр	Күзгі ағаштардың жапырақтарын бақылау. Қимылдық ойын:	Балалардан бүгін күнің қандай екенін сұрау. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт»	Балалардан аспанда бұлт бар ма, жоқпа сұрау. Қимылдық ойын:	Күзгі ауа-райын сипаттау. Қимылдық ойын: «Түлкі мен көжектер»

	мен лақтар»	«Жел көбік»		«Көлеңке»	
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту. Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Ата-аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.К.Сұлтанғалиева 

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (01-05) Қараша 2021 ж.
 Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Жомарт күз»
 Тақырып «Пайдалы көкөністер»

I-апта

Мақсаты: Балаларды көкөністермен және олардың синаптық ерекшеліктерімен таныстыру. Ой-өрісін дамыту және көкөністерді атай білуге үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.11.21	Сейсенбі 02.11.21	Сәрсенбі 03.11.21	Бейсенбі 04.11.21	Жұма 05.11.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу. Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орынатуда назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Балалардың дене шынықтыру киімдері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Кел, санайық санамақ» саусақ ойыны.	Жаңбыр көп жауады, Шолып едім бақшаны, Көкөніс біткен көңілді. Жасыл, сары, қызыл, көк Сан алуан көкөніс.	Атамның алып күрегін, Аулаңның қарын күредім. Әжеме мен құдықтан, Су әкеліп беремін. Еденді де жуамын, Шаң-тозаңды қуамын!	Қолға алып шарды, Үрлеймін мен былай. Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах.	Саусақ ойындары: Саусағымда сақина, Сапап көрші кәнеки. Бір, екі, үш Демалайық жинап күш.
Таңертеңгілік жаттығу.	№ I-ші таңертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	Күз мезгілі туралы әңгімелеу. Ай аттарын айтқызу.	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаңтар қайталау.	Қимылдық ойын: «Жасыл кияр»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Спорттық киім». Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Аяқты- аяққа тақай қойып, алға жылжи жүру дағдыларын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес өз қимылын бере білу, қимылды үйлесімді, жеңіл жүгіру дағдыларын, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Музыка. Тақырыбы: «Дәрумендер» Балаларға және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінік беру. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Түлкімен бірге ойнаймыз». Балаларға жануарлар туралы түсінік беру. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол- аяқтың үйлесімді қимылын дамыту. <u>Сөйлеуді дамыту.</u> Тақырыбы: «Көкөністен көже жасау».(д\ойын). Мақсаты: Көрнекілік әрекеттері бойынша балаларға көкөністен көже жасаудың жолдарын көрсете отырып, әңгімелей білуге баулу. (тазалау, жуу, турау, қайнату) жеке сөздерді айтуға ынталандыру. Балалардың ыдыс –аяқ атауларын дұрыс атауларын қадағалап, олардың неге арналғанын таныстырып өту. «Ш» дыбысын еліктеу арқылы айтқыза отырып, артикуляциялық жаттығу жасау. <u>Құрастыру.</u> Тақырыбы:</p>	<p><u>Жаратылыстану.</u> Тақырыбы: «Бақшаға біз барамыз, көкөністерді аламыз». Мақсаты: Көкөністердің бақшада өсетіндігін түсіндіру. Көкөністерді сезім мүшелері(көру, дәм сезу, сипап көру) арқылы пішінін, дәмін, түсін анықтай білуге, «көкөніс»сөзін жалпылама қолдануға, байланыстыра сөйлеуге, көріп, есте сақтауға үйрету, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. <u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Үлкен ,кіші сәбіздер». Мақсаты: Балалардың көкөністер туралы, олардың түсі мен пішіні, көлемі туралы білімдерін пысықтай отырып, сопақша, қызғылтсары түсті үлкен және кіші</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Олимпиада». Бір қатармен жүру мен жүгіруге үйрету, бір- біріне өзара көмектесуге тәрбиелеу., баспалдақпен жүру дағдыларын дамыту. Денелерін түзу ұстап, тақтай бойымен жүруге жаттықтыру. Музыка. Тақырыбы: «Дәрумендер» Қайталау оқу қызметі. Балаларға және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінік беру. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>Орыс тілі. Тема: «Полезные овощи» Цель: Учить детей называть овощи на русском языке, обогащать словарь. Развивать воображение, речь, память. Воспитывать любовь к труду. Математика негіздері. Тақырыбы: «Тәулік бөліктері». Мақсаты: Таңертең – кеш, күн – түн сияқты қарама-қарсы тәулік бөліктерін ажырату білігін қалыптастыру. Тәулік бөліктерін балалар мен ересектер әрекетінің мазмұнының өзгеруі бойынша ажырата білуге үйрету;</p>
---	---	--	--	--	---

		<p>«Пішіндер» Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қиылған әр-түрлі геометриялық пішіндерден өз ойларынан немесе үлгіге қарай отырып әр түрлі пішіндерді жасай білуге үйрету. Қиылған геометриялық пішіндерден белгілі бір заттың бейнесін құрастыра білуге үйрету. Дөңгелек пен сопақша дөңгелек ұғымдарын түсіндіру және оның іс-әрекет барысында көрсете алу қабылеттерін дамыту.</p>	сәбіздерді салуды үйрету, ойлау қабылеттерін дамыту, төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		балаларды дайын пішіндерді суретке жабыстыру кезеңдерін сақтау тәсілдерімен таныстыру; жапсырмалармен жұмыс жасауда мұқияттылыққа баулу.
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<p>Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: Құралдарын атап, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Еңбек: аула тазалығына үлес қосу, үлкендерге көмектесуге деген ұмтылыстарын қолдау. Қимылдық ойын: «Мені қуып жетіндер» белгілі бір бағытқа, бір-біріне соқтығыспай</p>	<p>Күзгі ағаштарды бақылау. Мақсаты: Балалардың ағаш туралы білімдерін бекіту. Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Еңбек: Ойын алаңын жапырақтардан тазарту. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан» Жеке жұмыс: Мақал-мәтелдер. 1. Бір тал кессең, он тал ек. 2. Ағаш көркі жапырақ, Адам көркі шүберек. Еркін ойын.</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Өз үйінді тап» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ.</p>	<p>Күзгі табиғатты бақылау. Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігін бағалау. қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріндер» Жеке жұмыс: Өлең</p>	<p>Күнді бақылау. Мақсаты: Күзде күн суытатынын, жазда күн ыссы болатынын түсіндіру. Еңбек: Жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен түн» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату. Салем саған алтын күн,</p>

	жүгіруге үйрету. Жеке жұмыс: «Сызықпен жүр» тізбектеле, сызықтан шықпай жүруге жаттықтыру. Еркін ойын.		Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еркін ойын.	жолдарын жататту. Ұшты талдан жапырақ, Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секілді. Еркін ойын.	Салем саған көк аспан, Сәлем деймін досыма, Келші менің қасыма! Еркін ойын.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге үйрету.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу № 2 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 3 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 4 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 5 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 6 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішкенде тамақты төкпей-шашпай жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Не жоқ» «Көкөністер» сурет бойынша әңгімелесу. Балаларға санамақтар жататту.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Шалқан» ертегісі. Мақсаты: Балаларды ертегіні зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға үйрету. Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу. Балаларға көкөністер туралы жұмбақтар жасыру.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Көкөністер дүкені» Балаларға суреттер бояту. Еркін ойын.	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Балаларға жаңылтпаштар жаттату. Еркін ойын.	Сюжеттік рөлдік ойын «Аспазшы» Балаларға Е.Өкеевтің «Көкөніс» өлеңін жататту. Еркін ойын.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Көкөністермен жеке тердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша дұрыс атауын және ажырата білуге үйрету. (Насифа)	Дидактикалық ойын: «Көкөністі сипатта» (Аңсар, Айкөркем)	Сұлтан мен Әдеміге қарындашты дұрыс ұстатып бояуға үйрету.	Насифа мен Әдеміге «Көкөніс» өлеңін жататту.	Дидактикалық ойын: «Үлкен-кіші» (Әдемі, Айкөркем)

Серуенге дайындық	Балаларға аяқ киімдерін дұрыс киюлерін қадағалау.				
Серуен	Балаларға аула сыпырушының еңбегін бағалап, аула сыпырушыға көмектесу керек екенін түсіндіру. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Күзгі ағаштарды бақылау. Жаз мезгіліндегі ағаштар мен күзгі ағаштарды салыстыру. Қимылдық ойын: «Шар үрлеу»	Күзгі жапырақтарды тамашалау. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Күзгі мезгілінің ерекшеліктерін ататту. Қимылдық ойын: «Түлкі мен көжектер»	Аспанда күн шығып тұрма, әлде бұлттанып тұрма деп сұрау.. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту. Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Ата-аналарға үйде балаларға ертегі айтып берулеріне кеңес беру. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.Қ.Сұлтанғалиева 

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (08-12 Қараша 2021 ж.)
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Жомарт күз»
Тақырып «Жеміс бағында»
II-апта

Мақсаты: Балаларды көкөністермен және олардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру. Жемістердің өзіне тән сипаттарын анықтай білуге және салыстыра білуге үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.11.21	Сейсенбі 09.11.21	Сәрсенбі 10.11.21	Бейсенбі 11.11.21	Жұма 12.11.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Әр адамның жеке тұлға екенін түсіндіру. Дене қызуын өлшеу, тазалығын тексеру.				
	Балаңызға үйде ертегі оқып бересіз бе?				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Санамақ Мына саусак-анашым! Мына саусак-әкешім!	«Саңырауқұлақ» саусак ойыны. Шынашағым, орманға	Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр»	Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Сіркіреп жаңбырың, Келгенің қызық-ау.	Санамақ Атамнан басталар, Әжеммен қосталар.
	Мына саусак-әжем ғой! Мына саусак-атам ғой. Мына саусак-мен өзім! Осы менің отбасым.	бар! Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап! Ортан терек, тазалап ал! Балаң үйрек, қуыра сал! Бас бармағым, барлығын жеп Өсіп қапсың толып.			Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеп, жүремін!
Таңертеңгілік жаттығу.	№ I-ші таңғы жаттығулар кешен				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	Ұ.О.Қ – не дайындық.	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаштар қайталау.	Қимылдық ойын: «Автомобиль мен торғайлар»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Достық шеңбері». Гимнастикалық қабырғаның екінші көлденең салмасына бекітілген көлбеу тақтай бойымен еңбектеуді үйрету. Нұсқаушының лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды және допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауын, қол басының икемділігін дамыту. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілікке баулу.</p> <p>Музыка. Тақырыбы: «Апорт деген тәтті алма» Балаларға орманда жабайы аңдар мекендейтіні туралы түсінік беру. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызуға талпындыру. Өз ойларын айтуға үйрету.</p> <p>Жаратылыстану. Тақырыбы: «Жеміс бағына саяхат». Мақсаты: Жемістер туралы білімдерін естеріне</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстарбізде қонақта» Саяхат арқылы құстар туралы түсініктерін меңгерту. Жұппен жүру мен жүгіруді үйрету; құстарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу; тақтай үстімен жүруде, секіруде, алға жылжуда тепе - теңдікті сақтау дағдыларын дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Жемістер жыры». Рза Қунақова(өлеңді оқып беру). (Ббайғ.105 бет). Мақсаты: Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыта отырып,өлеңді оқу барысында жемістерді қалай сипаттағанына назар аударту. Жемістер туралы түсініктерді игерту арқылыөсімдіктер жайлы мәліметтер аясын кеңейту.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Д\ойын: «Күз сыйлығы». (З\Б.бағд.109 бет). Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлері мен таныстырып, оларды бір - бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету,балалардың сүйіп жейтін жемістерімен жақын таныстыру, түстер туралы ұғымын бекітіп, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын жетілдіру</p> <p>Жапсыру. Тақырыбы: «Табақтағы алмалар мен жемістер». (З\Б.бағд.102 бет). Мақсаты: Жеміс- жидектер туралы түсініктерін нақтылау; олардың түстері мен пішіндерін бекіте отырып, ыдысқа жеміс-терді дұрыс орналастыра білуге үйрету;ұқыпты</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Ауладағы құстар»Құстар туралы түсініктерін бекіту. Балаларға бір бірден сапта жүруді , секірген кезде аяқтарын сәл бүгіп түсуді үйрету;ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу; сапта бір бірден жүру , тапсырманы орындау, жерге аяқтарын сәл бүгіп түсіп дағдыларын дамыту , допты түзу бағытта домалату икемділіктерін жетілдіру.</p> <p>Математика негіздері. Тақырыбы: «Шаршы. Үлкен-кіші». Мақсаты: Жаңа геометриялық пішінмен – шаршымен таныстыру. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету;шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шаршыны көру- қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шаршыны берілген нүктелері бойынша бастырып</p>	<p>Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Апорт» Е.Елубаев. («Шикула».56 бет). Мақсаты: Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету, жемістерге, жеміс ағаштарына апорт алмаға деген қызығушылықтарын оята отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Сурет. Тақырыбы: «Мандариндаер мен апельсиндер». (З\Б.бағд.101) Мақсаты: Дөңгелек пішінді,көлемдері әртүрлі заттарды салудағы қол икемділігін арттыру. (мандарин кішілеу,апельсин ірі деп айтқызу арқылы сөздік қорларын молайту).Зейінділікке баулу.</p>
--	--	---	---	--	--

	түсіріп, жемістер бақта өсетіндіктерін ұғындыру. Күз сыйы және бақ деген сөздерге сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген мейірімділікке тәрбиелеу.		жұмыс істеуге тәрбиелеу.	жүргізу; топ бөлмесі мен қоршаған ортадан шаршыға ұқсас заттарды көзбен табу білігін дамыту; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту; жаңа геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтарын ояту.	
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің түймелерін түймелеуге үйрету қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>Күзгі табиғатты бақылау. Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігін бағалау. қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Тышқан мен қиярлар» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жататту. Ұшты талдан жапырақ, Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секілді. Еркін ойын.</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Өз үйінді тап» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еркін ойын.</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Аспанды бұлт басады, күн көрінбейді. жаңбыр сіркірейді. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшты әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Еркін ойын.</p>	<p>Көліктерді бақылау. Мақсаты: көлікті жүргізуші айдайтынын, оның өз жолы болатынын, адамдар басқа жолмен жүретінін, жүргізушіні әңгіме айтып, алаңдатуға болмайтынын айтып өту. Еңбек: Серуен соңында ойыншықтарды жинауға үйрету. Қимылдық ойын: «Өз үйінді тап». Түстеріне сәйкес өз үйлерін таба білуге үйрету. Жеке жұмыс: Көркем сөз. Қаламызда қырандай, Самғар көлік табылар. Трамвай мен троллейбус, Автобустар тағы бар. Еркін ойын.</p>	<p>Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға күз кезінде салқын болатынын, жиі жаңбыр жауатынын атап өту. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Шар үрлеу» Жеке жұмыс: Санамақ. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам. Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – сен, Кішкене бөбек – мен. Еркін ойын.</p>

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге, ұқыпты шайнауға үйрету, үстелде дұрыс отыруға дағдыландыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу № 7 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 8 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 9 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 10 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 11 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішіп болған соң майлықты пайдалануларын дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Көкөністер мен жемістерді ажырат?» Балаларға В.Сутеевтің «Алма» ертегісін оқып беру. Балаларға жемістер туралы жұмбақтар жасыру.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Шалқан» ертегісінің суреттерін бояу. Мақсаты: Шалқан ертегісін естеріне түсіру арқылы ертегі кейіпкерлерін бояу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту Балаларға жемістердің суреттерін бояу.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Аспазшы» «Жеміс бағында» суреттер бойынша әңгімелесу. Балаларға «Көкөністер достығы» ертегісін әңгімелеу.	Дидактикалық ойын: «Не жоқ, тауып көр» Балаларға Ж.Тұрсынованың «Апорт алмасы» өлеңін жататту. Еркін ойын.	Сюжеттік рөлдік ойын «Дәрігер» Балаларға санамақтар жататту. Балаларға Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» өлеңін жаттату. Еркін ойын.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Мақсат пен Сұлтанға түстерді қайталату.	Дидактикалық ойын: «Жемістерді ата» (Мақсат, Насифа)	Жеміс- жидектер туралы түсініктерін нақтылау. (Насифа, Әдемі)	«Жемістер» сөзін жалпылама қолдануға, байланыстыра сөйлеуге, көріп, есте сақтауға үйрету. (Мақсат, Аңсар)	Дидактикалық ойын: «Ұзын-қысқа» (Насифа, Сұлтан)
Серуенге дайындық	Киіну: Балаларға аяқ киімдерін дұрыс киюге үйрету.				
Серуен	Балаларға күзгі	Балаларға күз	Балалардан аспанды	Көшедегі көлік	Балалардан күз

	табиғаттың ерекшеліктерін ататту. Қимылдыө ойын: «Мысық пен тышқан»	мезгіліндегі жапырақтардың түсін атату. Қимылдыө ойын: «Көлеңке»	бұлт басқанда не жауатынын сұрау. Қимылдыө ойын: «Жел көбік»	қозғалысын бақылау. Қимылдық ойын: «Автомобиль мен торғайлар»	мезгілінің ерекшеліктерін сұрау. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту. Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Дене формаларын ұмытпай әкелулерін ескерту. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.Қ.Сұлтанғалиева

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (15-19) Қараша 2021 ж.
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Жомарт күз»
Тақырып «Өзім туралы», «Менің көмекшілерім»

III-апта

Мақсаты: Балаларға адамның дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру.Өзіп-өзі күту ережелерімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.11.21	Сейсенбі 16.11.21	Сәрсенбі 17.11.21	Бейсенбі 18.11.21	Жұма 19.11.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып,отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Әр адамның жеке тұлға екенін түсіндіру. Дене қызуын өлшеу,тазалығын тексеру.				
	Балалардың дене шынықтыру киімдері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үеті, саусақ және т.б)	«Кел,санайық санамақ» саусақ ойыны.	Саусақ ойындары: Саусағымда сақина, Сапап корші көнекі. Бір,екі,үш Демалайық жинап күш.	Атамның алып күрегін, Ауланым қарым күредім. Әжеме мен құдықтан, Су әкеліп беремін. Еденді де жуамын, Шаң-тозаңды қуамын!	Қолға алып шарды, Үрлеймін мен былай. Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах.	Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем гой! Мына саусақ-атам гой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым
Таңертеңгілік жаттығу.	№ II-ші таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге,рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	ҰОҚ – не дайындық	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаштар қайталау.	ҰОҚ – не дайындық.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Құтқарушылар». Шеңбер бойымен жүру жүгіруді үйрету. Салауатты өмір салтын ұстауға тәрбиелеу, допты жерге ұрып, оны екі қолымен тосып алу дағдыларын дамыту, ұзындық орындық үстімен еңбектеуге жаттықтыру. Музыка: «Сиқырлы ормандағы құртақандар» Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Добым, добым домалақ, кетіп қалды домалап» Шеңбер бойымен жүру жүгіруді үйрету; ұжымда бірге әрекет жасай білуге тәрбиелеу; допты бір-біріне домалату кезінде қатты серпу, түзу бағытта арқаны түзу ұстап, төрттағандап еңбектеу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Менің кішкентай көмекшілерім». Мақсаты: Балаларды көз, құлақ мұрын, тіспен таныстыра отырып, дене мүшелері туралы білімдерін жетілдіру, дене мүшелерінің адам өміріндегі маңызды орны туралы түсіндіре келе, оларды күтудің жолдарын үйрету, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұқыптылыққа, тазалыққа баулу. Құрастыру. Тақырыбы: «Менің үйіме апаратын жол». Мақсаты: Таныс әдістерді қолданып</p>	<p>Жаратылыстану. Тақырыбы: «Адам-тірі жан». (ойын-жаттығу). Мақсаты: Өзі және өзінің дене мүшелері жайлы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. Адамның тірі жан екені туралы ұғым беру (дем алады, қимылдайды, қоректенеді, өседі). Эмоцианалды күйі жайында айтуға үйрету (қарным ашты немесе тойдым, шаршадым, демалдым, қуандым, жыладым, күлдім. ауырды м, жазылдым). Сурет салу. Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу». Мақсаты: Мәдени машықтарға баули отырып, сүлгінің не үшін қажеттігін атап өту. Сүлгіні сипаттай келе, оны (жолақты) әшекейлеу әдісімен таныстыру. Ұқыпты жұмыстануға тәрбиелеу.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Отырғыштармен ойындар» Балалардың заттар (ойыншықтар) туралы түсініктерін молайту. Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруды үйрету. Допты лақтырған соң қолды түзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, саптізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту Музыка. «Сиқырлы ормандағы құртақандар» Қайталау оқу қызметі Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.</p>	<p>Орыс тілі. Тема: «Всё обо мне. Мой помощники» Цель: Учить называть части тела. Развивать речевую активность. Воспитывать самостоятельность. Учить детей отвечать на вопросы, обогащать славарный запас словами. Математика негіздері Тақырыбы: «Алыс-жақын». Мақсаты: Заттардың кеңістікте орналасуын (алыс – жақын) айыра білуге және атауға үйрету. Заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау: (алыс – жақын); көріп қабылдаған ақпараты негізінде жұмбақтар шешуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларындамыту; бірлескен әрекеттерге қызығушылығын тәрбиелеу.</p>
---	--	---	---	--	--

		қарапайым құрылыстарды салуға дағдыландыру, кейбір бөлшектерді алмастырып, құрылысты өзгертуді үйрету. Ұқыптылыққа, татулыққа тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<p>Желді бақылау. Мақсаты: Жел соғады, ағаштар тербеледі. Жаз мезгілінде жел жылы болады, ал күзде салқын болады. Балаларға желдің бағытын байқату. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкене ағаштар Үлкен болып өседі. Еркін ойын.</p>	<p>Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға күз кезінде салқын болатынын, жиі жаңбыр жауатынын атап өту. Еңбек: Ойыншықтарды жинау Қимылдық ойын: «Шар үрлеу» Жеке жұмыс: Санамақ. Бір үйде біз нешеуіміз ? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам. Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – сен, Кішкене бөбек – мен. Еркін ойындар.</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Өз үйінді тап» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еркін ойын.</p>	<p>Күзгі табиғатты бақылау. Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігін бағалау. қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Ұядағы құстар» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату. Ұшты талдан жапырақ, Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секілді. Еркін ойын.</p>	<p>Күнді бақылау. Мақсаты: Күзде күн суытатынын, жазда күн ыссы болатынын түсіндіру. Еңбек: Жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен түн» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату. Салем саған алтын күн, Салем саған көк аспан, Сәлем деймін досыма, Келші менің қасыма! Еркін ойын.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге үйрету.				

Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу № 12 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 13 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 14 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 15 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 16 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішкенде тамақты төкпей-шашпай жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Біреу-көп» Балаларға санамақтар жататту. АМеңжанованың «Қайда екен?» өлеңін жататту.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Шалқан» ертегісінің мультфильмін көрсету. Мақсаты: Шалқан ертегісін көрсете отырып, балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу. Балаларға суреттер бояту.	«Көзді қалай күту керек?» әңгімелесу. Балаларға санамақтар жаттату. Еркін ойын.	Сюжеттік рөлдік ойын «Аспазшы» Балаларға дене мүшелері туралы жұмбақтар жасыру. Үстел үсті ойындары.	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Балаларға жаңылтпаштар жаттату. Еркін ойын.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Дауыстыжәнедауыссыздыбыстардыдұрыс дыбыстайалуға үйрету. (Сұлтан)	Дидактикалық ойын: «Дене мүшелерін сипаттау» (Мақсат, Насифа)	Сұлтан мен Әдеміге қарындашты дұрыс ұстатып бояуға үйрету.	Насифа мен Әдеміге «Қайда екен?» өлеңін жататту.	Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ата» (Аңсар, Насифа)
Серуенге дайындық					
Серуен	Балалардан желдің қай бағыттан соғып тұрғанын сұрау. Қимылдық ойын: «Ұядағы құстар»	Күз мезгілі мен жаз мезгілінің ауа-райын салыстыру. Қимылдық ойын: «Көжектер мен түлкі»	Балаларға күзгі жапырақтардың не себептен түстерінің өзгергенін сұрау. Қимылдық ойын: «Аюлар мен аралар»	Күз мезгілінің өзгерістерін көрсете сипаттау. Қимылдық ойын: «Қасқырлар мен лақтар»	Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле оның бүкіл табиғат үшін пайдалы екенін айту. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту. Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Ата-аналарға балабақшаға бет перде тағып келулерін ескерту. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.Қ.Сұлтанғалиева 

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (22-26 Қараша 2021 ж.)
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Жомарт күз»
Тақырып «Күн, ауа және су»
IV-апта

Мақсаты: Балаларға күн,су,ауа туралы білімдерін қалыптастыру. Олардың маңыздылығы,пайдасы туралы түсіндіру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.11.21	Сейсенбі 23.11.21	Сәрсенбі 24.11.21	Бейсенбі 25.11.21	Жұма 26.11.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып,отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Дене қызуын өлшеу,тазалығын тексеру. Балалардың күн тәртібі туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем гой! Мына саусақ-атам гой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.	«Саңырауқұлақ» саусақ ойыны. Шынашағым,орманға бар! Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап! Орған терек,тазалап ал! Балаң үйрек, қуыра сал! Бас бармағым,барлығын жеп Өсіп қапсың толып.	Ер-ер-ер-дөңгелек жер. У,у,у-мөлдір су, Уа,уа,уа-таза ауа.	Жаңбыр жауса,тырс-тырс, Айтады,гүл: -Дұрыс,дұрыс! Жаңбыр жауса,тырс,тырс, Айтады қыр: -Ырыс,ырыс.	Санамақ Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрің жақсы көремін Еркелеп, жүремін!
Танертеңгілік жаттығу.	№ II -ші таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге,рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	ҰОҚ – не дайындық.	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаштар қайталау.	Қимылдық ойын: «Автомобиль мен торғайлар»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Көңілді көжектер». Бір қатармен жүру мен жүгіруге үйрету, бір- біріне өзара көмектесуге тәрбиелеу, баспалдақпен жүру дағдыларын дамыту. Денелерін түзу ұстап, тақтай бойымен жүруге жаттықтыру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?» Керекті құралдар: Түрлі түсті кубиктер, ойын атрибуттары. Музыка. Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз» Қайталау оқу қызметі. Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу Жаратылыстану. Тақырыбы:</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Пойызбен саяхатқа барамыз». Қос аяқпен еденнен жігерлі серпілу ,заттардың үстінен секіруге үйрету.Қарқынды екпінмен жүгіруге жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес бейнелі қимыл жасау; қол мен аяқ үйлесімді қимыл жасау, ептілік дағдыларын дамыту. Қимыл- қозғалыс ойыны:«Маған қарай жүгіріңдер » Керекті құралдар: Поездың макеті ,кегелдер, ойын атрибуттары. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Сумен ойнаймыз». (ойындық және ізденушілік іс -әрекет). (З\Б.бағд.124 бет). Мақсаты: Сумен тәжірибе арқылы оның түрлі қасиеттерін сипаттау(су сұйық,ол төгіледі,пішіні,дәмі,түсі жоқ,суға тұз салып,баяу қосып не болғанын бақылату). Тиым сөздер арқылы суды босқа</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу.</u> Тақырыбы: «Ауа қайда тығылды?» (ойын -тәжірибе). Мақсаты: Ауаның тіршілік үшін маңызы зор екенін түсіндіру. Тәжірибе арқылы ауаның барлық жерде бар екенін көрсету. Өсімдіктер ауаны тазартатынын айтып,табиғатты сүюге ,оны қорғай білуге тәрбиелеу. <u>Мүсіндеу.</u> Тақырыбы: «Шелпектер» Мақсаты: Ермексазды алақанға салып, қысу арқылы домалақ пішінге келтіру әдісімен шелпектерді мүсіндету. Шелпектің күн сияқты ыссы әрі дөңгелек екенін айтып өту. Зейінділікке баулу,табиғатты сүюге тәрбиелеу.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қуыршақпен серуендейміз». Допты еденге ұру және оны шынтақтап сәл бүгілген екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты қағып алған соң кеудеге қыспай,қолмен еркін ұстауды бекіту. Жүру, жүгіру кезінде аяқты тырсылдатпай, жеңіл жүгіруге жаттықтыру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Өз үйіңді тап » Керекті құралдар:Қуыршақтар кішкентай доптар бала санына ,кегелдер, ойын атрибуттары Математика негіздері Тақырыбы: «Жоғары-төмен. Шаршы» Мақсаты: Заттардың кеңістікте орналасуын (жоғары – төмен) айыра білуге және атауға үйрету. Заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуы туралы ұғымын қалыптастыру (жоғары – төмен); заттардың өзінің</p>	<p><u>Көркем әдебиет.</u> Тақырыбы: «Тазалықтың достары» Өлеңді оқып беру. Мақсаты: Тазалықтың пайдасы жайлы түсінік бере отырып,тазалыққа қажетті заттар туралы өлеңді оқып, талдау арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамытып,өлеңді жаттап алуға ынталандыру. <u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Жапырақтардың түсуі» Мақсаты: Балаларды малу әдісін қолданып қылқаламмен сурет салуға үйрету.</p>
---	---	--	--	--	--

	<p>«Күн сәулесі». Мақсаты: Күн сәулесінің пайдасы туралы түсінік беру. Күн жарық пен жылу көзі екені және адамдар үшін де күн сәулесінің маңызын әңгімелеу арқылы табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарын арттыру.</p>	төкпей, үнемдеуге тәрбиелеу.		айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату білігін дамытуды жалғастыру: алыс – жақын; шаршыға – геометриялық пішіндеріне сәйкес келетін заттарды қоршаған ортадан таба білу білігі; жұмбақ шешуді жалғастыру; логикалық ойлауын дамыту; бірлескен әрекеттерге, ҰОҚ-не қызығушылығын тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің түймелерін түймелеуге үйрету қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>Желді бақылау. Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстары желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын ажырата білуге үйрету. Жел соғады, ағаштар тербеледі. Жаз мезгілінде жел жылы болады, ал күзде салқын болатынын түсіндіру. Еңбек: Ойыншықтарын жинау. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру. Жапырақтардың әсем бейнесіне көңіл аудару. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Өз үйіңді тап» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Аспанды бұлт басады, күн көрінбейді. Жаңбыр сіркіреді. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшты әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді.</p>	<p>Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Балалардың жаңбыр туралы білімдерін бекіту. Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық болып келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астына тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады. Жаңбырлы күні терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдау.</p>	<p>Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың басқа құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Балалардың назарын ашық, ашық сұр аспанға аудару. Аспан жиі бұлыңғыр, сұр Бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Аспанға қарап, ауа-райын болжай</p>

	<p>Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкене ағаштар, Үлкен болып өседі. Еркін ойын.</p>	Еркін ойын.	Еркін ойындар.	<p>Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Жау, жау, жаңбыр, Жау жаңбыр. Жер көгерсін, көк өссін, Жау, жау, жау жаңбыр, Жау жаңбыр. Еркін ойын.</p>	<p>алуға үйрету. Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Қимылдық ойын: «Күн мен түн» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырын сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау. Айнала тұнжұрап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Еркін ойын.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде ауыздарын жауып жеуге, ұқыпты шайнауға үйрету, үстелде дұрыс отыруға дағдыландыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу № 17 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 18 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 18 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 19 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 20 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішіп болған соң майлықты пайдалануларын дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Түсін тап»	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»	Сюжеттік рөлдік ойын: «Аспазшы»	Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ата»	Сюжеттік рөлдік ойын «Дәрігер»

	Балаларға М.Скребцованың «Мейірімді бұлт» ертегісін әңгімелеу. Балаларға жаңа жылға өлеңдер жататту.	«Шалқан» ертегісін сахналау. Мақсаты:Ертегіні сахналау барысында,ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін,қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Күннің суретін салу.	Балалармен «Күн,су,ауа- біздің достарымыз» тақырыбына әңгімелесу. Балаларға жұмбақтар жасыру. Еркін ойын.	Балаларға А.Меңжанованың «Сылдырлайды мөлдір су» өлеңін жататту. Еркін ойын.	Балаларға санамақтар жататту. Үстел үсті ойындары.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Заттарды жекеше , көпше түрде айтуға үйрету. (Насифа,Аңсар)	Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Әдемі,Сұлтан)	«Күз мезгілі» туралы әңгімелесу. (Сурет бойынша) (Аңсар,Сұлтан)	Дыбыстарды дұрыс атауға үйрету. (Сұлтан, Насифа)	Түстері бойынша заттарды ажырата білуге үйрету. (Мақсат,Әдемі)
Серуенге дайындық	Киіну: Балаларға аяқ киімдерін дұрыс киюге үйрету.				
Серуен	Зырылдауық арқылы желдің бағытын анықтау Күзгі жел салқын болатынын әңгімелеу. Қимылдық ойын: «Ұядағы құстар»	Күздің бір белгісі жапырақтар сарғайып жерге түседі деп әңгімелеп өту. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Бұлттардың пішіндері әртүрлі болады, бұлттарды жел айдайды сол кезде бұлттар өз пішінін өзгертетіні туралы әңгімелеу. Қимылдық ойын: «Көжектер мен түлкі»	Жаңбырдан соң жерде шалшықтар пайда болатынын ,күн шыққан соң ол кеуіп кететінін әңгімелеу. Қимылдық ойын: «Жел көбік»	Аспанда не бар? деген сұрақтар төңірегінде әңгімелесу. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту. Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Ата-аналарға балабақшаға бет перде тағып келулерін ескерту. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.				

Тексерілді
 №5 «Ақсу» б/б әдіскер
 Г.Қ.Сұлтанғалиева

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (29-03) Қараша -Желтоқсан 2021 ж.
 Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Менің Отаным Қазақстан»
 Тақырып «Алақай,қыс келді»
 I-апта

Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру.Қыс мезгілінің табиғат ерекшеліктерімен таныстыру.Табиғатқа деген қамқорлыққа,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.11.21	Сейсенбі 30.11.21	Сәрсенбі 01.12.21	Бейсенбі 02.12.21	Жұма 03.12.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып,отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Дене қызуын өлшеу,тазалығын тексеру. Балалардың жетістіктері әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)	Сергіту сәті. Аппак қылып өңірді. Қар жауды!Қар жауды! Көңілді балалар, Қызығып секірді, секірді.	Тіл ұстарту жаттығуы. Қарға,қарға,қарғалар, Қар үстінде жорғалар.		Қолға алып шарды, Үрлеймін мен былай. Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах.	Санамақ Мына саусак-анашым! Мына саусак-әкешім! Мына саусак-әжем ғой! Мына саусак-атам ғой. Мына саусак-мен өзім! Осы менің отбасым
Таңертеңгілік жаттығу.	№ I-ші таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботканы тауысып жеуге,рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	ҰОҚ – не дайындық		Жаңылтпаштар қайталау.	ҰОҚ – не дайындық.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Біз саяхаттамыз». Балаларға Отан, туған жер туралы түсінік беру. Тура бағытта төрттағандап еңбектеуге үйрету. Бір-бірден саптізбекке тұру; тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру.</p> <p>Музыка. «Қысқы әуен» Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Ата және әжеммен қалаға саяхат». Балаларға Отан туралы терең түсінік беру. Нұсқаушының лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды үйрету. Нұсқаушымен допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуын бекіту. Қол басының икемділігін дамыту. <u>Сөйлеуді дамыту.</u> Тақырыбы: «Мысықтың баласы қыста қалай таңқалды» Мақсаты: Тәрбиешінің көмегімен табиғат көріністерін сипаттау бойынша қысқа әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Қимыл-әрекетті білдіретін етістіктерді таңдауды үйрету. Сөзді оны білдіретін іс-әрекетпен қарастыра білуді бекіту. <u>Құрастыру.</u> Тақырыбы: «Қар жауып тұр» (Қағазды ұсақтап жыртуға үйрету). Мақсаты: Балалардың бұлшық еттерін жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қар</p>		<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Отшашу». Балалардың Отан, қаламыз туралы түсініктерін молайту. Шашырай және жұппен жүру және жүгіруге үйрету, бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру (жерге екі аяқпен түсулерін қадағалау), ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу. Музыка. «Қысқы әуен» Қайталау оқу қызметі. Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.</p>	<p>Орыс тілі. Тема: «Здравствуй зимушка-зима!» Цель: Продолжать развивать понимание русской речи. Учить называть слова по теме «Зимние забавы», рассказывать о зимних играх. Внимательно слушать и отвечать на вопросы. Развивать речь. Воспитывать любовь к природе. Математика негіздері Тақырыбы: «Үшбұрыш». Мақсаты: Жаңа геометриялық пішінмен – үшбұрышпен таныстыру. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету; шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; үшбұрышты нүктелер бойынша қосу; заттардағы геометриялық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту; басқаларға көмектесуге тәрбиелеу.</p>
---	---	--	--	---	---

		кесектерін жасауға болатынын түсіндіру, табиғат құбылыстары жайында қарапайым түсініктер беру, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<p>Қысқы табиғатты бақылау. Мақсаты: Балаларды қысқы табиғатқұбылысымен таныстыру Сөздік қорларын қар жауыптұр, жылы, салқын, аяз сияқты сөздермен толықтыру. Қысқы табиғат әсемдігін бағалау. қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Еңбек: Үлкендермен бірге еңбек етуге дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Апандағы аю» Жеке жұмыс: Өлең жолдарын жаттату. Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр боп жатады. Еркін ойын.</p>	<p>Қарды бақылау. Мақсаты: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, қатты, жұмсақ) Еңбек: Аула тазалаушыға балабақшаның ауласын тазартуға көмектесу. Қимылдық ойын: «Көлеңке» Жеке жұмыс: Көркем сөз. қар жауа бер, Риза ғой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайраттын қарай көр. Еркін ойын.</p>		<p>Ауладағы ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін молайту. Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру. Ағаштар жазда қандай еді, күзде қандай еді, қазіргі бейнесі қандай екенін сұрау. Еңбек: Үлкендердің көмегімен жолды қардан тазалау. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан» Жеке жұмыс: Көркем сөз. Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек еткенің. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенің. Еркін ойын.</p>	<p>Қысқы ауа-райын бақылау. Мақсаты: Қысқы ауа-райының ерекшеліктерін атату. Күн суық, аяз болатынын түсіндіру. Еңбек: Ойын алаңын қардан тазарту. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады. (Қар) Қолы жоқ сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз) Жалт-жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. (Қар) Еркін ойын.</p>

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарың көпіршітіп жууға дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақ ішкенде үстел үстінде тыныш отыруға үйрету.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау.	Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату.		Керуеттерінің жайлы болуын қадағалау.	«Үш аю» ертегісін айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыашаржаттығу №21 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 1 картотека		Ұйқыашаржаттығу № 2 картотека	Ұйқыашаржаттығу № 3 картотека
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ ішкенде тамақты төкпей-шашпай жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Біреу-көп» Қ.Мырзалиевтің «Қыс» өлеңін жататту.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» «Маша мен аю» ертегісі. Мақсаты: Ертегіні оқып беріп, ертегі мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу. Балаларға «Қар жауды» тақырыбына сурет салғызу.		Сюжеттік рөлдік ойын «Дәрігер» Әңгімелесу. «Қыс қызығы». Балаларға санамақтар жататту.	Дидактикалық ойын: «Қанша-сонша» А.Токмағамбетовтың «Ақша қар» өлеңін жататту. Еркін ойын.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Қыс мезгіліндегі ерекшеліктер туралы әңгімелеу. (Әдемі)	Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?» (Сұлтан, Аңсар)		Насифа мен Әдеміге «Қыс» өлеңін жататту.	Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ата» (Әдемі, Насифа)
Серуенге дайындық	Киіну: Балаларға аяқ киімдерін дұрыс киюге үйрету.				
Серуен	Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктерін атату. Қимылдық ойын: «Жел көбік»	Қардың түсі қандай болады? Түсі қандай? Неге ұқсайды? Қимылдық ойын: «Ұшақтар»		Қысқы ағаштарды күзгі ағаштармен салыстыру. Қимылдық ойын: «Көжектер мен түлкі»	Балалардан бүгін ауа-райы қандай екені туралы әңгімелеу. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқандар»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға кешікпей келу керектігін ескерту. Балабақша төлемақысын уақытында төлеулерін айта кету. Ата-аналармен балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Балалардың киімдерінің таза болуларын қадағалауларын ескерту.				

Тексерілді
 №5 «Аққу» б/б әдіскер
 Г.К.Сұлтанғалиева 

ЦИКЛОГРАММА бір аптаға (06-10 Желтоқсан 2021 ж.)
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы Өтпелі тақырып: «Менің отаным Қазақстан»
Тақырып : «Тәуелсіз Қазақстан. ҚР рәміздері»
II-апта

Мақсаты: Балалардың патриоттық және адамгершілік сезімін ояту. Отан туралы түсініктерін кеңейту.Туған жерін сүйуге,қадірлеуге үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.12.21	Сейсенбі 07.12.21	Сәрсенбі 08.12.21	Бейсенбі 09.12.21	Жұма 10.12.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым –қатынасы: бадалармен достары туралы әңгімелесу, қарым –қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балалардың қызуларын өлшеу.				
	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу..				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)	Санамақ Мына саусак-анашым! Мына саусак-әкешім! Мына саусак-әжем гой! Мына саусак-атам гой. Мына саусак-мен өзім! Осы менің отбасым.	Саңырауқұлақ» саусак ойыны. Шынашағым,орманға бар! Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап! Орган терек,тазалап ал! Балаң үйрек, қуыра сал! Бас бармағым,барлығын жеп Өсіп қапсың толып.	Қолға алып шарды, Үрлеймін мен былай. Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах.	Санамақ Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар. Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеп, жүремін!	Саусак ойындары: Саусағымда сақина, Сапап көрші кәнеки. Бір,екі,үш Демалайық жинап күш.
Тапсертеңгілік жаттығу.	№ I-ші таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге,рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Санамақтарды қайталау.	ҰОҚ – не дайындық.	Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»	Жаңылтпаңтар қайталау.	Қимылдық ойын: «Автомобиль мен торғайлар» ь

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Андар біздің досымыз». Саяхат арқылы орман аңдары туралы терең меңгерту. Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыруға үйрету, доптың ұшуына дұрыс траектория беру, қолдарын екпінді қимылмен жаза білуді бекіту. Музыка. «Менің Қазақстаным» Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Жаратылыстану. Тақырыбы: «Туған қаламызға саяхат» Мақсаты: Өздері тұратын қала (ауыл) туралы білімдерін жүйелеу және байыту. Туған қалаға (ауылға) деген сүйіспеншілікті</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Балалар-кішкентай марғаулар». Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Берілген белгіге көңіл аударуға; қос аяқтап алға секіруге жаттықтыру. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшық еттерін нығайту. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан!». (қ\о .13 саб). Мақсаты: Балаларға еліміздің кең байтақ, бай мемлекет екені жайлы түсінік беру. Отанымыздың астанасы туралы білімдерін кеңейту. Отансүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу.</u> Тақырыбы: «Менің Отаным Қазақстан» Мақсаты: Өз Отаны туралы білуге деген құштарлығын оят; Қазақстанның кең-байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балалардың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімді тәрбиелеу. <u>Жапсыру</u> Тақырыбы: «Түрлі түсті ұлттық көрпелер». Мақсаты: Қазақ ұлттық өрнектерден үлгіге сүйеніп, балаларды қағаз бетінде ою құруға үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Секіргіш көжектер» Үй жануарлары туралы түсініктерін бекіту. Балаларға бір- бірден сапта жүруді, секірген кезде аяқтарын сәл бүгіп түсуді үйрету; балаларды спорттық жаңа құрал құрсаумен таныстыру; ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу; сапта бір- бірден жүру, тапсырманы орындау, жерге аяқтарын сәл бүгіп түсіп дағдыларын дамыту. Математика негіздері Тақырыбы: «Үлкен, кіші, кішкентай. Оң жақ - сол жақ». Мақсаты: Көлемі туралы ұғымдарын қалыптастыру – үлкен, кішірек, кішкентай. Таныс заттарды көлемі бойынша: үлкен, кішірек, ең кішкентай – салыстыруды жалғастыру, анықтау нәтижесін сөзбен жеткізе білу; жұмбақтарды шеше білуге үйретуді жалғастыру; заттарды ұқсас белгілеріне (көлеміне) қарап айыра білуге үйрету; заттарды өзінің қай жағында тұрғанына қарай сөзбен</p>	<p><u>Көркем әдебиет.</u> Тақырыбы: «Отан» (өлең) Ермек Өтетілеуұлы. Мақсаты: Отан туралы шығармаларды оқып беру арқылы әдебиетке деген құштарлыққа баулу, өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету. Өз Отанын сүйуге жетелеу. <u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» Мақсаты: Мақта таяқшалармен түзу сызықтарды және шеңберлерді салу дағдыларын дамыту.</p>
---	--	---	---	---	--

	тәрбиелеу.			атауды жалғастыру (сол жақ, оң жақ). Заттарды көлеміне қарай сол жақтан оңға қарай орналастыру керектігін дамыту; мұқияттылығын, қозғалмай отыруға тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің түймелерін түймелеуге үйрету қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
